

Қазақстан Республикасының
еділет Министрлігі
Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуі
2012 ж. «04» қарқуыда
Тіркеу нөмірі 236-1904-16-МЖЖЖ
ЕСН 990440001336

Бекітілген
Ақтөбе облыс әкімдігінің
2012 жылғы «10» шілдедегі
№ 240 қаулысымен

Қазақстан Республикасының
еділет Министрлігі
Өзгерістер мен толықтырулар
2012 ж. «04» қарқуыда
өнгізілді
81. Оңтүстік

**«Ақтөбе облыстық білім басқармасы» ММ
«Хромтау тау-кен техникалық колледжі»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының
ЖАРҒЫСЫ**

1. Жалпы ережелер

1. Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Хромтау тау - кен техникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны (бұдан әрі – Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық – құқықтық нысанында заңды тұлға болып табылады. Мешіктік түрі – мемлекеттік, түрі – Колледж, мекеме типі – орта білімнен кейінгі оқу орны.

2. Кәсіпорын Ақтөбе облысы әкімдігінің 2012 жылғы 10 шілдедегі № 240 қаулысының негізінде қайта құрылды.

3. Ақтөбе облысының әкімдігі мемлекет атынан кәсіпорынның құрылтайшысы болып табылады.

4. Кәсіпорынның мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органы (бұдан әрі- мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган) Ақтөбе облысының қаржы басқармасы.

5. Кәсіпорынның мемлекеттік басқарудың тиісті саласын (аясын) басқару жөніндегі уәкілетті органы (бұдан әрі- тиісті саланың уәкілетті органы) Ақтөбе облысының білім басқармасы болып табылады.

6. Кәсіпорынның мемлекеттік тілдегі атауы: «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Хромтау тау-техникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны;

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: 031100, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Хромтау қаласы, Есет-батыр көшесі, 9 үй.

2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

8. Кәсіпорын мемлекеттік тіркелген кезден бастап құрылды деп есептеледі және заңды тұлғаның құқықтарына ие болады.

9. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, банкте шоттары, бланкілері, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және кәсіпорынның атауы жазылған мөрі болады.

10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдеріне сәйкес міндетті мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе тіркелген сәттен бастап жасалған болып есептеледі.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Мазмұны мамандықтар бойынша білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарымен регламенттелетін кәсіптік орта, қосымша

кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыру кәсіпорын қызметінің мәні болып табылады.

13. Мыналар кәсіпорын қызметінің мақсаты болып табылады:

1) нақты мамандық бойынша қажетті теориялық білімі мен практикалық дағдылары бар еңбек нарығында бәсекеге қабілетті білікті мамандар даярлайды;

2) білікті мамандар даярлау сапасын еңбек нарығы мен өндіріс салаларының талаптарын ескере отырып тұрақты жетілдіріп отырады;

3) босатылған жұмыскерлерді және жұмыссыз тұрғындарды қайта оқытады және қайта даярлайды;

4) жұмыс істеп жүрген орта кәсіптік білімі бар мамандардың біліктілігін арттырады;

5) ұзартылған даярлықтың жеке оқу жоспарлары бойынша тереңдетілген кәсіби бағдарламаларды іске асырады;

6) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік қалыптасуына бағытталған сапалы кәсіптік білім алуы үшін қажетті жағдайлар жасайды;

7) кәсіптік білімнің қоғам мен еңбек нарығының өзгермелі қажеттіліктеріне тез бейімделуге септесетін жаңа технологияларды енгізеді және тиімді пайдаланады;

8) кәсіптік білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары мен өндірісті кіріктіреді.

14. Алға қойылған міндеттерді іске асыру үшін кәсіпорын мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар және қосымша кәсіби білімі бар мамандарды даярлайды;

2) оқу шеберханаларында және оқу-өндірістік қызмет үдерісінде жасап шығарылатын оқу шаруашылығының өнімдерін өткізеді;

3) кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау жөнінде қызметтер көрсетеді;

4) ақылы негізде қосымша кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша қызметтер көрсетеді;

5) арнайы курстар мен пәндер, мамандандырулар бойынша қосымша сабақтар беру жөнінде қызметтер көрсетеді;

6) мамандарды даярлау деңгейі үшін білім мазмұнының ең төменгі мөлшерін (біліктілік сипаттамалары, бірыңғай және жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламалары) нақты анықтай отырып білім берудің мемлекеттік стандарттарын әзірлеуді қамтамасыз етеді;

7) өз бейіні бойынша ғылыми-зерттеу және оқу-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырады, мамандарды даярлауды және қайта даярлауды жүзеге асырады, тұрғындар арасында ғылыми-педагогикалық білімдерді таратуға, оның білімі мен мәдени деңгейінің өсуіне ықпал етеді, оқу-тәрбие беру үдерісін жетілдіру жөніндегі отандық және шетелдік озық педагогикалық тәжірибені зерделейді және енгізеді;

8) кәсіпорындарға, мекемелерге, ұйымдарға және азаматтарға шарттар негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін жұмыстарды атқарады және қызметтер көрсетеді;

9) жатақханада тұру жөнінде қызметтер көрсетеді.

15. Кәсіпорын мақсаттарына қайшы жасалған мәміле, Қазақстан Республикасының шектеулі заңдарында немесе құрылтай құжаттарында не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасалған мәміле тиісті саланың уәкілетті органының (жергілікті атқарушы органының) немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның, не өзге уәкілетті тұлғалардың талабы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

16. Мемлекеттік лицензиялауға қатысты қызмет лицензия болған кезде жүзеге асырылады.

17. Басшының кәсіпорынмен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеті еңбек міндеттемелерін бұзу болып табылады және қолданыстағы заңнамаға сәйкес тәртіптік және өзге жауапкершілікке әкеледі.

4. Білім алушыларды қабылдау тәртібі

18. Кәсіпорынға Қазақстан Республикасының азаматтары қабылданады; Қазақстан Республикасы аумағында тұрақты тұратын шет ел азаматтары азаматтығы жоқ тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарымен, халықаралық шарттармен, келісімдермен белгіленген тәртіпте, сонымен қатар Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарымен жасалынған келісім-шарттар бойынша қабылданады.

Басқа шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар кәсіби орта оқу орындарына Қазақстан Республикасының заңдарымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттармен белгіленген тәртіпте қабылданады.

19. Азаматтарды қабылдау тәртібі: бастапқы кәсіби білімі барларды қысқартылған, жеделдетілген бағдарламалар бойынша, кәсіби орта білімі барларды қысқартылған білім беру бағдарламалары бойынша ақылы негізде; екінші кәсіби орта білім алу үшін Кәсіпорынның қабылдау комиссиясымен белгіленеді.

20. Кәсіпорынға қабылдау туралы өтінішке Кәсіпорынға түсушілер білімі туралы құжаттың түпнұсқасын, № 086 нысандағы медициналық анықтама 1 және 2 топтағы және жастайынан мүгедектер – медико - элеуметтік сараптама комиссиясының қорытындысын, 3x4 мөлшердегі 4 фотосуретті қоса береді. Жұмыс өтілі барлар куәландырылған еңбек кітапшасын қоса береді. Оқуға түсушілер жеке куәлігін, паспорт не туу туралы куәлігін, не оларды ауыстыратын құжатты ұсынады.

21. Кәсіпорынға оқуға түсу кезінде төмендегідей квота қарастырылған:

1) I, II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек-балалар үшін;

2) жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша соғысқа қатысушылар мен мүгедектерге теңестірілген адамдар үшін;

3) ауылдың (селоның) әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын мамандықтар бойынша ауыл (село) жастары арасынан шыққан азаматтар үшін;

4) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдар үшін;

5) жетім балалар және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларды қабылдау үшін.

22. Кәсіпорынға қабылдау тәртібі білім беру саласындағы орталық атқарушы орган бекітетін кәсіптік орта оқу орындарына қабылдаудың Үлгі ережесіне сәйкес белгіленеді.

23. Кәсіпорынға азаматтарды қабылдау кезінде ұйым оны және /немесе/ оның ата-анасын немесе өзге заңды өкілдерін Кәсіпорынның Жарғысымен, білім беру қызметін жүргізу құқығына берілген лицензиямен және қабылдау тәртібі мен оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруды регламенттейтін басқа да құжаттармен таныстыруға міндетті.

24. Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарымен белгіленген, кәсіби орта білім беретін оқу орындарына қабылдау ережелеріне сәйкес Кәсіпорын өз құрылтайшысымен қабылдаудың нақты ережелерін және қабылдау басталардан бір ай бұрын оларды баспаға жариялайды.

25. Қабылдау туралы хабарлама, сондай-ақ қабылдау комиссиясының қабылдауға байланысты шешімдері, тіркеу мерзімдері мен нәтижелері оқуға түсушілерге уақытында жеткізілуі тиіс.

26. Кәсіпорынға алу қабылдау комиссиясының ашық мәжілісінде әрбір мамандық, бөлімдер, оқу тіліне қарай бөлек жүргізіледі.

27. Кәсіпорынға алудың нәтижелерімен келіспеген азамат оған шағымдана алады. Апелляция қабылдау комиссиясына беріледі және апелляциялық комиссиямен қабылдау нәтижелері жарияланғаннан кейін бір тәуліктің ішінде қаралады.

28. Кәсіпорынның қабылдау комиссиясы тиісті нысандар мен мерзімдерде Ақтөбе облыстық білім басқармасына жедел статистикалық есепті ұсынады, қабылдауды өткізгеннен кейін он күн мерзімде — қабылдауды ұйымдастыру мен өткізуге байланысты қорытынды есепті ұсынады.

5. Білім беру үрдістерін ұйымдастыру және тәртібі

29. Кәсіпорын оқу үрдісін, нысандарды, әдістер мен оқу құралдарды мақсатты ұйымдастыру жолымен білім алушыларға іске асырылатын білім беру бағдарламаларын игеру үшін қажетті жағдайлар жасайды. Білім беру үрдісінің мазмұны, мамандықтар мен мамандану бойынша оқу ұзақтылығы, соның ішінде жеке жоспарлар бойынша оқу кезінде, Кәсіпорынмен тиісті мемлекеттік білім беру стандартына сай анықталады.

30. Кәсіпорында оқу жылы 1 қыркүйектен басталып, аталған мамандық бойынша оқу жоспарына сай аяқталады.

31. Кәсіпорында келесі оқу сабақтары белгіленеді: сабақ, дәріс, семинар, тәжірибелік сабақ, лабораториялық жұмыс, өз бетімен жұмыс, бақылау жұмысы, кеңестер, практика, курстық және дипломдық жобалау /курстық және дипломдық жұмыс/

Аудиториялық сабақтардың барлық түрлеріне ұзақтығы П.С. Гранкиннің концепциясы бойынша 35+5+35 минуттық академиялық сағат белгіленеді.

32. Күндізгі оқу нысанында білім алушылардың міндеті оқу сабақтарының апталық жүктемесі 40 оқу сағатынан аспауы тиіс.

33. Әртүрлі оқу сабақтарын өткізу мерзімдері мен өндірістік оқудың ұзақтығы оқу жоспарымен белгіленеді. Кәсіпорында білім алушыларға 5 күндік жұмыс аптасы белгіленеді.

34. Күндізгі нысандағы білім алушыларға оқу жылында екі рет жалпы ұзақтығы 8 - 11 аптаны құрайтын демалыс белгіленеді, соның ішінде жазғы демалыс кезеңде 6 аптадан 9 аптаға дейін.

35. Кәсіпорынның күндізгі оқу нысанындағы оқу тобындағы адам саны 25-30 адам, өндірістен қол үзбей оқу кезінде -15-20 адам.

36. Лабораториялық жұмыстарды, тәжірибелік сабақтарды, дене тәрбиесі сабақтарын, Кәсіпорынмен белгіленген басқа да пәндерді жүргізу кезінде, сондай-ақ курстық жобалау және өндірістік оқу кезінде оқу тобы саны 12 адамнан кем болмайтын топшаларға бөліне алады.

37. Кәсіпорында оқыту мемлекеттік және орыс тілдерінде, сондай-ақ қажет болған жағдайда жалпы білім беру стандартына сәйкес шетел тіліндерінің біреуінде жүргізіледі.

38. Кәсіпорында білім беру мынадай түрде жүзеге асырылуы мүмкін: күндізгі, сырттай, кешкі білім беру, қашықтықтан оқыту және экстернат. Білім алудың әртүрлі нысандарын үйлестіруге жол беріледі.

39. Кәсіпорында оқу-тәрбие үдерісін сапалы ұйымдастыруды қамтамасыз ету мақсатында даярлық курстары, оқу-өндірістік шеберханалар, оқу шаруашылықтары, оқу полигондары, кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау бөлімдері, мамандықтар топтары бойынша бөлімдер, филиалдар және басқа құрылымдық бөлімшелер құрылуға мүмкін

40. Білім алушыларды өндірістік оқыту:

1) Білім алушылар оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар алу үшін;

2) өнеркәсіп өнімдерін, халық тұтынатын тауарларды шығаруды ұйымдастыру, шеберханалар үшін құрал-саймандар мен тетіктер, кабинеттер мен зертханалар үшін көрнекі құралдар мен аспаптар жасау үшін, сондай-ақ жабдықтарды, машиналар мен тетіктерді жөндеу үшін;

3) кәсіпорындарға, ұйымдарға және тұрғындарға ақылы қосымша білім беру қызметтерін көрсету үшін теориялық оқуды өндірістік еңбекпен ұштастыра отырып жүзеге асырылады.

41. Білім алушылардың кәсіптік практикасы практиканың базасы деп айқындалған ұйымдарда өткізіледі. Кәсіптік практиканың түрлері, мерзімдері және мазмұны оқу жоспарларымен және бағдарламаларымен айқындалады. Ұйымдармен келісім бойынша шарт негізінде ұйымдастырудың күнтізбелік кестелері бекітіледі. Шарттарда кәсіпорынның, білім алушылардың және

практиканың базасы болып табылатын ұйымдардың міндеттері айқындалады.

42. Кәсіп немесе мамандық бейінінің ерекшелігіне байланысты жекелеген білім алушылармен жеке дара сабақтар өткізілуі мүмкін.

43. Білім алушылардың сабақ режимі оқытудың санитарлық-гигиеналық нормаларын сақтай отырып мемлекеттік білім беру стандартына сай негізде Кәсіпорынмен айқындалады. Кәсіпорында кейбір студенттерді оқыту жекешығармашылық нысан бойынша жүргізілуі мүмкін.

44. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымында білім алушылардың ауысуы және қайта қабылдануы білім беру саласындағы орталық атқарушы органның бекіту тәртібімен жүзеге асырылады.

45. Білім алушылар мен Кәсіпорын арасындағы қарым-қатынас Кәсіпорын директоры және ата-ана немесе білім алушы өкілдерімен білім беру қызметін көрсету туралы келісімшартпен ресімделеді.

6. Білімді ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестациялау жүйесі, оларды өткізу нысандары мен тәртібі

46. Білім алушылардың білім деңгейі төмендегідей бағаланады: «өте жақсы», «жақсы», «қанағаттанарлық», «сынақтан өтті», «сынақтан өткен жоқ». Сонымен қатар оқытудың кредиттік жүйесін, рейтингтік жүйені қолдануда баллмен бағалану айқындалуы мүмкін.

47. Оқу пәндері бойынша жылдық қорытынды баға оқу бағдарламасының талабына сай Білім алушылардың нақты білім деңгейін, икемдері мен дағдысына қарай оқытушылар толық курс аяқталғаннан кейін шығарады.

48. 1-2 пән бойынша «қанағаттанарлықсыз» деген баға алушылар емтиханды осы пәнді қайта тапсыру мерзімінде тапсырады.

49. Емтиханды қайта тапсырғаннан кейін және жеке тапсырмалар мен сынақ тапсырмаларын орындағаннан кейін келесі курсқа ауысуы туралы мәселе Кәсіпорынның Педагогикалық Кеңесінде шешіледі.

50. Барлық пәндерден оңды жылдық және қорытынды бағалары бар, өндірістік және теориялық білім алғандар келесі курсқа көшіріледі.

51. Берілген мерзім ішінде емтиханға жіберілмегендер немесе қайта тапсыру кезінде емтихан тапсыра алмағандар, 3 немесе одан да көп пәндерден сынақ тапсырмаған білім алушылар, Педагогикалық Кеңес шешімі бойынша Кәсіпорыннан шығарылады.

52. Бағалар аралық аттестацияның қорытындысы бойынша немесе емтихан қорытындысы бойынша қойылады.

53. Білім алушылардың білімі, білігі мен дағдысын бақылау формаларына жатады:

- білім алушылар білімін ағымдағы бақылау, соның нәтижесі бойынша бағалар оқу журналына қойылады.
- білімді аралық бақылау.
- білімді қорытынды бақылау.

54. Ағымдағы бақылау бойынша білімді бағалау бес баллдық жүйемен жүргізіледі.

55. Білімді аралық бақылау ай сайын аттестация түрінде әр пәннен жүргізіледі.

56. Аралық аттестацияны өткізу кестесін бөлім меңгерушісі құрады да, директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарымен бекітіледі.

57. Аралық аттестацияны жүргізу комиссиясына кіретіндер: бөлім меңгерушілері, ЦӘБ төрағасы және пән оқытушысы.

58. Оқытудың толық курсы аяқтаған және оқу жоспары мен бағдарламасының талаптарын толық көлемде орындаған білім алушылар біліктілік емтиханына жіберіледі.

59. Техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі мекемелерде білім алушыларды қортынды аттестациялауға мыналар енеді:

- 1) білім беру мекемелерінде білім алушыларды қорытынды аттестациялау;
- 2) кәсіби даярлық деңгейін бағалау және біліктілік беру.

Білім алушыларға қорытынды аттестацияны ұйымдастыру және өткізу үшін аттестациялық комиссия құрылады. Комиссия отырысының ұзақтығы күніне 6 сағаттан аспауы керек.

Техникалық, кәсіптік және орта білімнен кейінгі мекемелерде білім алушыларға білім беруде, білім алушыларды қорытынды аттестациялау оқу процесі графигінде қаралған және оқу жұмысы жоспарындағы формада мемлекеттік жалпыға міндетті стандартпен техникалық және орта кәсіптік білімнен кейінгі мекемелерде жүргізіледі.

Қорытынды аттестация арнайы пәндер бойынша қорытынды емтихан және/немесе дипломдық жобаны /жұмысты/ қорғау формасында өткізіледі.

Арнайы пәндер бойынша қорытынды емтихандар оқу бағдарламасына сәйкес мынадай формада жүргізіледі: ауызша, жазбаша, бірнеше арнайы пән сұрағын қамтитын кешенде емтихан түрінде.

Ауызша қорытынды емтихан тапсыру ұзақтығы бір білім алушыға он бес минуттан артық болмауы керек.

Комиссия отырысы сәйкесінше хаттамамен ресімделеді, онда комиссия төрағасының мүшелерінің және хатшының қолдары қойылады. Білім алушылардың кәсіби даярлық деңгейін бағалау және біліктілік беру Қазақстан Республикасының заңдылық талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қорытынды аттестациядан өткен бітіруші түлектерге білім деңгейі мен біліктілік көрсетілген мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі.

60. Оқу жоспары пәндерінің 75% -нан кем емес бөлігінен «өте жақсы» және мемлекеттік аттестация қорытындысы бойынша «өте жақсы», ал қалған пәндерден «жақсы» баға алған түлектерге үздік диплом беріледі.

61. Әртүрлі себептерге байланысты оқудың толық курсы аяқтамаған және белгілі деңгейде біліктілігі бар білім алушыларға бекітілген үлгідегі анықтама беріледі.

62. Стипендия білімді бақылаудың барлық нысандарын қоса алғанда, емтихан, білімді аралық бақылау нәтижелері бойынша «жақсы», «өте жақсы» баға алған мемлекеттік тапсырыс негізінде оқып жүрген студенттерге

тағайындалады. Білім алушыларды келесі курсқа көшіру кезінде емтиханға шығарылмаған пәндер бойынша емтиханға шығарылмаған семестрлік қорытынды баға емтихандық бағаға теңестіріледі.

63. Білім алушыларды оқудан шығару, қайта алу және ауыстыру, соның ішінде Кәсіпорын ішінде, бір бөлімнен екінші бөлімге және оқудың бір нысанынан екінші нысанына, кәсіпорыннан басқа оқу орнына және кері ауыстыру, академиялық демалыс беру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігімен белгіленген ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

64. Емтихан сессиясы кезеңінде қанағаттанарлықсыз баға алған білім алушылар барлық емтихандарды тапсырғаннан кейін белгіленген мерзімде қайта тапсыруға құқылы, олар дәлелді себептері болған жағдайда өзгертілуі мүмкін.

65. Емтиханды қанағаттанарлықсыз тапсырған ретте емтихан алушы бір оқытушыға құрамы үш оқытушыдан тұратын комиссия құрылады, ол бұдан әрі оқыту туралы шешім қабылдайды. Дәлелді себепсіз қатыспаған сабақтарды ақылы пысықтауға жол беріледі. Емтиханды екі пән және кәсіпорын оқу бөлімінің жолдамасы бойынша ғана қайта тапсыруға рұқсат беріледі. Бір емтиханнан алған қанағаттанарлықсыз деген бағаны немесе пәндер бойынша берешегін қайта тапсыруға 1 реттен артық рұқсат берілмейді.

66. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарының ұсынымы бойынша қайта білім алуға қалдырылған білім алушыларға оқу тапсырмаларын орындауға, лекциялар курсы тыңдауға және сынақтардан өтуге және емтихандарды тапсыруға қажетті пәндер белгіленеді.

67. Білім алушылар кәсіпорыннан берген өтінішіне сәйкес өз еркімен, басқа оқу орнына ауысуына байланысты, ДКК қорытынды анықтамасы негізінде денсаулық жағдайына байланысты, академиялық үлгермеген кезде, егер бұған дейін тәрбиелеу сипатында қабылданған шаралар нәтиже бермей, қасақана тәртіп бұзғанда, дәлелді себепсіз 36 сағаттан астам оқу сабақтарына қатыспағаны үшін шығарылуы мүмкін.

68. Оқудан шығару кезінде академиялық анықтама және жеке ісінде жатқан білімі туралы құжат түпнұсқасы беріледі. Кәсіпорыннан және басқа оқу орындарынан өз еркімен және денсаулығының жағдайына байланысты шығарылған адамдарды кәсіпорында білім алуға қайта қабылдау білім алудың барлық нысандарына директордың бұйрығымен жүргізіледі. Кәсіпорыннан шығарылған адамдар шығарылған күнінен бастап 10 жыл ішінде қайта қабылдануға құқылы.

69. Кәмелетке толмаған білім алушылар Кәсіпорыннан бұл мәселе кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі комиссия қарағаннан кейін шығарылады.

7. Ақылы қызметтер көрсету тізбесі және тәртібі

70. Кәсіпорында білім алушыларды оқыту осы Жарғыға және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сондай-ақ мемлекеттік тапсырыс бойынша бюджеттік қаржыландыру негізінде ақылы негізде жүргізіледі.

71. Кәсіпорын кәсіпорындармен, мекемелермен және жеке тұлғалармен шарт бойынша ақылы қызметтер көрсете алады.

72. Кәсіпорын мынадай ақылы қызметтер көрсетуге құқылы:

1) қосымша білім беретін оқу бағдарламалары бойынша қызметтер көрсету;

2) пәндердің арнайы курстары мен циклдері бойынша қосымша білім беру бойынша қызметтер көрсету;

3) репетиторлық (жекелеген білім алушылармен оқу жоспары бойынша жеке тәртіппен пәндер бойынша сағаттар санынан тыс қосымша сабақтар өткізу) қызметтер көрсету;

4) пәндерді Білім алушылармен қосымша тереңдетіп оқып үйрену бойынша (мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттардың тиісті білім беру бағдарламаларынан тыс) қызметтер көрсету;

5) үйірме қызметтерін ұйымдастыру бойынша (базистік оқу жоспарынан тыс) қызметтер көрсету;

6) спорттық-бұқаралық іс-шараларды, төрешілік етуді, медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру бойынша қызметтер көрсету;

7) өзге ақылы қызметтер көрсету (оқу - көмекші және қосалқы шаруашылықтардың өндірістік қызметі; оқу-тәжірибелік учаскелердің өнімдерін өткізу; оқу-әдістемелік әдебиеттерді өткізуден алынған қаржылар; тәрбиеленушілердің оқу-өндірістік, шеберханаларда, қосалқы шаруашылықтарда, кәсіпорындарда және басқа ұйымдарда атқарған жұмыстары үшін алынатын қаржылар).

73. Ақылы қызметтер көрсету тәртібі кәсіпорынның заңды және жеке тұлғалармен жасаған шарттарымен реттеледі.

74. Ақылы білім беру қызметтерін көрсетуден алынған қаржылар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 20 шілдедегі № 1102 қаулысымен бекітілген мемлекеттік білім беру мекемелерінің тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізу жөніндегі ақылы қызмет түрлерін көрсету және олардың тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түскен ақшаны жұмсау ережесінде белгіленген мақсаттарға жұмсалады.

8. Білім беру үдерісіне қатысушылар

75. Білім беру үдерісіне қатысушылар болып табылады:

- білім алушылар;

- Кәсіпорын қызметкерлері (оқытушылар, өндірістік оқыту шеберлері, әкімшілік-шаруашылық, оқу-көмекші, инженерлі-техникалық және басқа персоналдар)

- ата-аналар немесе оларды ауыстыратын тұлғалар

76. Кәсіпорын азаматтарды қабылдауды орта білімнен кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгі қағидаларына сәйкес белгілейді.

77. Кәсіпорынға Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар және Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ тұлғалар; Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын

ұлты қазақ жалпы, жалпы орта, кәсіптік білімі бар адамдар заңнамада, халықаралық шарттарда, келісімдерде, сондай-ақ білім беру ұйымдарымен жасалған келісім-шарттарда белгіленген тәртіппен қабылданады.

78. Кәсіпорын білім алушыларына студенттер мен тыңдаушылар жатады.

- студент Кәсіпорын жетекшісінің бұйрығымен алынған орта кәсіптік білім беретін бағдарламаны игерген тұлға болып табылады. Студентке Қазақстан Республикасының білім және ғылым Министрлігінің үлгісімен құрылған студенттік билет және сынақ кітапшасы беріледі

- Тыңдаушылар дайындық курсына, біліктілігін арттыру курсына, мамандарды және жұмысшыларды кәсіби қайта даярлауға Кәсіпорын жетекшісінің бұйрығымен алынған тұлға болып табылады.

79. Кәсіпорынның білім алушылары құқылы:

- мемлекеттік білім беретін стандартқа және ғылымның дамуы, техника және мәдениеттің қазіргі деңгейіне сәйкес білім алуына;

- жеке оқу жоспарлары бойынша мемлекеттік білім беретін стандарт шеңберінде үйренуіне;

- жеделдетілген оқу курсына

- қосымша білім қызметіне (оның ішінде ақылы)

- Кәсіпорын кітапханасының ақпараттық ресурсын тегін қолдануға, оқулықпен қамтамасыз етілуге. ҚР Үкіметінің тәртібімен оқу-әдістемелік құрал және оқу-әдістемелік кешенмен қамтамасыз етілуге

- Кәсіпорынның іс-әрекетіне байланысты мәселені талқылауға, шешуге қатысуға, оның ішінде Кәсіпорынның қоғамдық ұйымдары мен басқару органдары арқылы

- ұждан бостандығына, мәліметте, меншікті көзқарастар және сенімдердің еркіндігіне;

- өз адамгершілік қасиетінің құрметіне;

- оқуға, ғылыми және творчестволық қызметтегі жетістіктеріне мадақтау және сыйлыққа

80. Білім алушылардың негізгі міндеттеріне жатады:

- Жарғының талаптары, Кәсіпорынның ішкі тәртібінің ережелері, жатақханада тұрудың ережелері және басқа жергілікті акттердің орындауы;

- оқу жоспары және бағдарламасында қарастырылған емтихандардың, сынақтар, тапсырмалардың барлық түрлерін белгіленген мерзімдерде орындау;

- Кәсіпорын меншігіндегі материалдық құндылықтарды қасақана бұзуына материалды жауапкершілік;

- мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарының көлемінде білім, білік, дағдысын және тәжірибелік білімді меңгеру. Ішкі тәртіп ережесін сақтау, осы жарғыда ескерілген басқа да талаптарды орындау;

- рухани және физикалық жағынан жетілдіруге, өз денсаулығын қамқорлыққа алып, ұмтылу;

- білім алушы Кәсіпорынның бірыңғай киім үлгілерін (ақ жоғары, қара төмен, күрең қызыл кеудеше) сақтауы керек;

- білім алушылар және тәрбиеленушілер педагогикалық қызметкерді, оқитын оқу орынның дәстүрінің ар-намысы мен қадір-қасиетін сыйлауы керек;

- директор бұйрығын және педкеңес шешімін орындау.

Күндізгі оқу бөлімінің білім алушылары құқылы:

- 1) жергілікті үкіметтік органдарының шешімімен қоғамдық көліктерге (таксиден басқа) жол ақысына жеңілдік алуға;
- 2) сабақтан бос уақытында қоса жұмыс атқаруға;
- 3) ҚР заңнамасына сәйкес әскерге шақырылуды кейінге шегеруге.

81. Қайта қабылдау және бір оқу орнынан екінші оқу орнына ауысу, бір мамандықтан екінші мамандыққа, бір оқу түрінен екінші оқу түріне ауысу, мемлекеттік емес оқу орнынан мемлекеттік оқу орнына ауысу ҚР білім беру саласындағы орталық атқарушы органның белгіленген тәртібімен жүзеге асырылады.

82. Бюджет есебінен күндізгі оқу түрінде білім алушы білім бағдарламасын меңгеруіне байланысты әрекет етіп отырған заңнама негізінде белгілі бір тәртіпте шәкірақымен қамтамасыз етіледі.

83. Бюджет және бюджеттен тыс қаржысы бар Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өздігінен білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету шараларын жасап, жүзеге асырады, соның ішінде олардың материалдық жағдайына және академиялық жетістіктеріне байланысты шәкіртақы және басқа да жәрдемақы, жеңілдіктер тағайындайды.

84. Оқу бағдарламасын игерудегі, оқу-зерттеу және басқа да жұмыстағы жетістігі үшін білім алушыларға түрлі формадағы моральдық және материалдық ынталандыру тағайындалады.

85. Медициналық көрсеткіштер және басқа да жағдайларға байланысты ҚР білім беру саласындағы орталық атқарушы органның белгіленген тәртібімен академиялық демалыс беріледі.

86. Дәлелсіз себеппен белгілі бір белгіленген мерзімде мамандығы бойынша оқу бағдарламасын орындамаған жағдайда, Жарғымен қарастырылған міндеттерді, ішкі тәртіп ережелерін орындамаған жағдайда білім алушыларға төмендегідей тәртіптік жаза қолданылады:

- ескерту

- сөгіс

- Кәсіпорынан шығару

87. Білім алушыларды оқудан шығару :

- өз еркімен, оның ішінде жеке өтініші негізінде басқа оқу орнына ауысуға байланысты;

- Дәрігерлік кеңес комиссиясы шешімінің анықтамасы негізінде денсаулығына байланысты (одан әрі ДКК)

- дәлелсіз себеппен белгілі бір белгіленген мерзімде мамандығы бойынша оқу бағдарламасын орындамаған жағдайда, Жарғымен қарастырылған міндеттерді орындамаған, Педагогикалық Кеңес шешімі негізіндегі ішкі тәртіп ережелерін бұзған жағдайда;

- заңнамаға сәйкес белгілі бір тәртіппен өтініші негізінде және әскерге шақыртылу қағазы негізінде әскерге шақыртылғанда;

- қайтыс болған жағдайда қайтыс болу туралы куәлігінің көшірмесі негізінде;
- Педагогикалық кеңес шешімі негізінде академиялық демалыс уақыты біткеннен кейін 1 ай ішінде оқуға келмесе;

88. Кәсіпорын әкімшілігінің талабы бойынша білім алушы денсаулығына байланысты демалыста, демалыс, академиялық демалыс немесе туу, жүктілікке байланысты демалыста болған кезінде оқудан шығаруға жол берілмейді.

89. Кәсіпорынға қайта қабылдау (денсаулық жағдайынан басқа) шарт негізінде шығынды толық немесе жартылай өтеумен болуы мүмкін

90. Білім алушылардың келісімінсіз, сонымен бірге ата-аналардың келісімінсіз білім беретін бағдарламада ескерілмеген еңбекке тартыла алмайды

91. Білім алушылардың басқа да құқығы мен міндеттері Кәсіпорынның ішкі Ережесімен анықталады.

92. Кәсіпорын жұмысшыларының негізгі міндеттеріне жатады:

- Кәсіпорынды басқару ісіне қатысу;
- кәсіби ар-намыс пен қадір-қасиетті қорғау;
- оқыту мен тәрбиелеудің әдіс-тәсілдерін, оқу құралы және материалдар, оқулықтарды, білімді бағалау әдістерін таңдау еркі;
- оқу жоспары мен бағдарламасын және тәрбиелік жұмыс бағдарламаларын орындау бойынша лабораторияларды, кабинеттерді, оқу залы және кітапхананы, спорт құралдарын тегін пайдалану;
- ұйымдағы эксперименталді - конструкторлық жұмысқа және өндірістік қызметтің түрлеріне қатысу
- оқу барысын қамтамасыз ету мақсаттарында жұмыс жасау және қажетті қызметтер үшін шеберхана жабдықтарын Кәсіпорын жетекшісінің рұқсатымен қолдану.

93. Кәсіпорын жұмысшыларының құқықтары мен міндеттері:

Кәсіпорын жұмысшыларына оқытушылар, әкімшілік-шаруашылық, оқу-көмек, инженерлік-техникалық және басқа да персонал жатады.

Кәсіпорын жұмысшыларын тағайындау және оларды жұмыстан босату ҚР заңдарына сай жүзеге асырылады.

1) Кәсіпорын жұмысшылары құқылы:

- өздерінің кәсіби қызметтерінің материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуіне;
- Кәсіпорынның маңызды мәселелерін шешуде талқылауға қатысуға;
- өзінің кәсіби ар-ожданы мен намысын қорғауға;
- Кәсіпорынның ақпараттық қорларын пайдалануға, оқу, әдістемелік, әлеуметтік-тұрмыстық, емдеу және өзге де бөлімшелерінің қызметтерін пайдалануға;
- ҚР заңдарымен арнайы көзделгендерден басқа, қосымша келісім арқылы ақысы төленетін басқа жұмыстар мен тәрбиелеу әдістерін, оқу пособиялары мен материалдарын, білімді бағалау әдістерін, ақпаратқа қол жеткізуді еркін таңдауға;
- бірыңғай мемлекеттік білім беру стандарты шеңберінде білім беру үрдісін қамтамасыз етуге қажетті оқыту мен тәрбиелеудің әдістерін қолдану, оқу

құралдары мен материалдарын, білімді бағалау әдістерін, ақпаратқа қолжетімділікке таңдау еркіне.

2) Кәсіпорын жұмысшыларының міндеті:

- осы Жарғы мен ішкі ережелерді сақтауға;
- өзінің кәсіби деңгейін әрдайым көтеруге, мамандарды дайындауды қамтамасыз ететін мемлекеттік білім беру стандарттарына сай әдістерді пайдалануға;
- кәсіби этика нормаларын қатаң сақтауға;
- қызметтік нұсқаулықтарда, келісім-шарттарда, біліктілік сипаттамаларда және өзге де нормативтік актілерде көзделген жұмыстар мен қызметтік міндеттерді сапалы орындауға;
- білім беру бағдарламаларын сәтті іске асыруға ықпалын тигізетін, білім алушылар құқықтарының сақталуына кепілдік беретін, өзінің қажет кәсіби деңгейін қамтамасыз етуге;
- Кәсіпорын ұжымындағы моральдық-психологиялық климаттың өршуіне әкеліп соқтыратын іс-қимылдар мен сөздерден бас тартуға;
- білім алушылардың жеке басына дене немесе рухани күш көрсетумен байланысты тәрбиелеудің педагогикалық қарсы әдістерін қолданбауға;
- оқытушыны куратор етіп тағайындағанда оқу топтарында оқу-тәрбие жұмыстарына басшылық жасауды Кәсіпорын директорымен бекітілетін куратор туралы Ережеге сай қамтамасыз етуге.

94. Оқу, тәрбие жұмыстарындағы және басқа да қызметтерінде жақсы көрсеткіштерге жеткен Кәсіпорын жұмысшыларына әр түрлі нысандағы моральдық және материалдық сыйақылар белгіленуі мүмкін.

95. Оқытушыларға (олардың келісімімен) директордың бұйрығы бойынша циклдік комиссияға басшылық жасау, тиісті дисциплиналар бойынша кабинетті не лабораторияны меңгеру, куратор міндеті жүктелуі мүмкін.

96. Кәсіпорын оқытушылары ҚР заңдарымен белгіленген тәртіпте ақылы демалысқа және жұмыс уақытының қысқартылған түріне құқығы бар. Оқу жылындағы оқытушылар құрамына оқу жүктемесі директордың бұйрығымен 1 қыркүйекте белгіленеді.

97. Кәсіпорынның басқа жұмысшыларының құқықтары мен міндеттері Кәсіпорын директорымен бекітілетін қызметтік нұсқаулықпен анықталады.

98. Кәсіпорын жұмысшылары мен оқытушылары Жарғы талаптарын орындамағаны, еңбек тәртібін бұзғаны үшін заңдарға сәйкес әкімшілік және тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

99. Педагогикалық жұмысшыларға (солардың ішінде қызметі білім беру үрдісімен байланысты басшы жұмысшылар) кітап шығару өнімдері мен мерзімді басылымдарды қамтамасыз ету мақсатында көмек көрсеткендері үшін уәкілетті органмен белгіленетін мөлшерде ақшалай өтемақы төленеді.

100. Кәсіпорында қызметі ҚР заңдарымен реттелінетін кәсіподақ ұйымы құрылуы мүмкін.

101. Саяси партиялардың, қоғамдық-саяси және діни қозғалыстардың ұйымдастырушылық құрылымдық құруға және олардың қызметіне жол берілмейді.

102. Жұмысшылардың біліктілігін арттыру:

Біліктілікті арттыру оқытушылардың қызметтік міндеті болып табылады. Олардың қызметтік ауысуы, тиісті мөлшердегі жалақыны белгілеу біліктілікті арттыру мен кәсіби даярлығының нәтижесіне тікелей байланысты.

Оқытушылардың қосымша кәсіби білім алуы өзін өзі оқытуды ұштастыру, білім беру орындарында оқу, кәсіпорындар мен ұйымдарда стажировкадан өту, білім беру мекемелерімен ұйымдастырылатын тематикалық және проблемалық семинарлардың жұмысына қатысу арқылы жүзеге асырылады.

Оқытушылардың біліктілігін арттыру үздіксіз негізінде жүзеге асырылады. Оқыту қажеттілігін қарау, алайда бес жылда кем дегенде бір рет өткізіледі. Оқытушылармен біліктілікті арттыру не басқа да қосымша кәсіби білім түрлерінің кезеңділігі оқытушылардың мүддесі ескеріле отырып құрылымдық бөлімшелердің ұсынымдары негізінде Кәсіпорын директорымен белгіленеді

103. Ата-аналардың (олардың орнындағы тұлғалардың) негізгі құқығы:

- Кәсіпорынды басқару ісіне қатысу;
- білім алушылардың заңды құқығы мен мүддесін қорғау;
- білім алушы балаларының денсаулығына және өмірінің қауіпсіздігіне, оқуына жағдай туғызу;
- балаларының интеллектуалды және дене күшінің дамуын, адамгершілігін дамытуды қамтамасыз ету;
- балаларды тәрбиелеуде Кәсіпорынмен бірлесе жұмыс істеу;
- Кәсіпорын сабақтарына қатысуды қамтамасыз ету;
- сабаққа қатысымын, үлгерімін бақылап отыру;
- сабақтан тыс уақытта өз балаларын бақылау;
- өз баласының моральдық іс-әрекетіне жауап беру;
- ата-аналар жиналысына қатысу;
- өлең шеберлері, топ жетекшісі, оқытушылар, әкімшілік мүшелерінің жеке әңгімелесуге шақыртуына келу.

104. Меншік түрін ауыстыру немесе мекемені қайта құруда (бірігу, қосылу, бөліну, қайта құрылу) еңбек қатынасы әрекетін тоқтатпайды.

9. Кәсіпорынды басқару

105. Ақтөбе облысының әкімдігі:

1) Кәсіпорындарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органға өкілеттік береді;

3) Осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге заңнамасымен оған жүктелген басқа өкілеттіктерді жүзеге асырады.

106. Тиіс саланың уәкілетті органы Кәсіпорынға қатысты мынадай өкілеттіктерді жүзеге асырады:

1) Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметінің басым бағыттарын және міндетті жұмыс (қызметтер) көлемін анықтайды;

2) Кәсіпорындардың даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

3) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

4) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

5) Кәсіпорынның мүлкін пайдалануға және сақтауға бақылауды қамтамасыз етеді;

6) Кәсіпорын мүлкінің есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

7) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

107. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган мынадай өкілеттіктерді жүзеге асырады:

1) коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітеді;

2) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

3) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады;

4) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

108. Директор кәсіпорын органы болып табылады.

109. Директорды тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

110. Тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорынның директорымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

Еңбек шартында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен белгіленген жағдайлардан басқа, бюджетке таза табыстың белгіленген бөлігі уақытылы аударылмағаны үшін Кәсіпорын директорының жауапкершілігі айқындалады.

111. Кәсіпорынның директоры Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметіне және мүлкінің сақталуына дербес жауапты болады.

112. Кәсіпорынның басшысы Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекетті ұйымдастыруға дербес жауапты болады.

113. Директор дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

114. Директор:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;
- 3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) банктік шоттар ашады;
- 6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларды жазаға тартады;
- 8) белгіленген еңбекақы төлеу қоры шегінде еңбекақы төлеу нысанын, штаттық кестені, лауазымдық айлықақылардың мөлшерлерін, Кәсіпорынның қызметкерлеріне (өзінің орынбасарларын қоспағанда) сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін бекітеді;
- 9) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін тиісті саланың уәкілетті органына кандидатуралар ұсынады;
- 10) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;
- 11) тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктерінің директорларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;
- 12) Кәсіпорынның филиалдары мен өкілдіктері туралы ережелерді бекітеді;
- 13) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

10.Кәсіпорын мүлкі

115. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

116. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

117. Кәсіпорынның мүлкі:

- 1) оған меншік иесі берген мүліктің;
- 2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де каражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

118. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

119. Егер осы Жарғыда өзгеше көзделмесе немесе осы заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, шаруашылық жүргізу құқығына және жедел басқару құқығына ие болу және оны тоқтату Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығына және өзге де заттық құқыққа ие болу және оны тоқтату үшін көзделген талаптармен және тәртіппен жүзеге асырылады.

120. Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудың кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

121. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше көзделмесе, Кәсіпорынға бекітіп беру туралы шешім қабылдаған мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы немесе оны жедел басқару құқығы Кәсіпорында мүлік оның балансына бекітіп берілген кезде пайда болады.

122. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен шығаруға құқығы жоқ.

123. Кәсіпорын мүлкін жедел басқару құқығы осы жарғының 41, 42-баптарында көзделген реттерде жеке меншік құқығы тоқтату үшін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген негізде және тәртіппен тоқтатылады.

124. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган тиісті саланың уәкілетті органымен келісе отырып кәсіпорынның жедел басқару құқығындағы мүлкін алып қоюға немесе өзі құрған басқа заңды тұлғалар арасында қайта бөлуге құқылы.

125. Жедел басқару құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімінде мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган Кәсіпорынға оны өзге тұлғаға бергенге дейін ұстауын және сақталуын қамтамасыз етудің мерзімдерін белгілеуге құқылы.

126. Кәсіпорын оған жедел басқару құқығында бекітіліп берілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

11. Кәсіпорын қызметін қаржыландыру

127. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

Кәсіпорынның даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

128. Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігі белгіленген нормативтер бойынша Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде белгіленген тәртіппен республикалық бюджетке аударылуы тиіс.

Кәсіпорын таза табысының бір бөлігін республикалық бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

129. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді дербес жүзеге асырады.

130. Кәсіпорын өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын тиісті саланың уәкілетті органымен белгілейді.

131. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның Жарғысында көзделмеген қызметті жүзеге асырудан осы кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

12. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

132. Кәсіпорынның жарғылық капиталы жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін мүлік иесінен басқаруға алынған мүліктен қалыптасады.

13. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

133. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына жүзеге асырылады.

14. Кәсіпорын жауапкершілігі

134. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Ақша жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша әкімшілік-аумақтық бірлік тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

15. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

135. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

136. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

16. Кәсіпорын қызметкерлеріне

еңбекақы төлеу

137. Кәсіпорынның қызметкерлеріне еңбекақы төлеу азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

17. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

138. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Ақтөбе облысы әкімдігінің шешімі бойынша жүргізіледі.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

139. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды Ақтөбе облысының әкімдігі жүзеге асырады.

140. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган қайта бөледі.

Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

18. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

141. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар Ақтөбе облысы әкімдігі енгізіледі немесе бұған облыстық коммуналдық мүлікпен билік жүргізуге уәкілеттік берілген облыстық бюджеттен қаржыландырылатын жергілікті атқарушы органға уәкілеттік береді.

«Хромтау тау-кен техникалық колледжі»
МККК директоры

Б.Қ.Мулдашева

1. Общие положения

1. Государственное коммунальное казенное предприятие «Хромтауский горно-технический колледж» государственного учреждения «Управление образования Актюбинской области» (далее - Предприятие) является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного предприятия на праве оперативного управления. Форма собственности государственное, вид – Колледж, тип организации – послесреднее учебное заведение.

2. Предприятие преобразовано из государственного учреждения в государственное коммунальное казенное предприятие на основании постановления Акимата области от 10 июля 2012 года за № 240.

3. Учредителем Предприятия является Акимат Актюбинской области.

4. Уполномоченным органом Предприятия по управлению государственным имуществом (далее - Уполномоченный орган по государственному имуществу) является Управление финансов Актюбинской области.

5. Уполномоченным органом по руководству соответствующей отраслью Предприятия (сферой) государственного управления (далее - Уполномоченный орган соответствующей отрасли) является Управление образования Актюбинской области.

6. Наименование Предприятия: Государственное коммунальное казенное предприятие «Хромтауский горно-технический колледж» Государственного учреждения «Управление образования Актюбинской области»

7. Место нахождения Предприятия: 031100, Республика Казахстан, Актюбинская область, Хромтауский район, город Хромтау, улица Есет-батыра, дом 9.

2. Юридический статус Предприятия

8. Предприятие считается созданным и приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации.

9. Предприятие имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством, бланки, печать с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием Предприятия.

10. Предприятие может создавать филиалы и представительства в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

11. Гражданско-правовые сделки, заключаемые Предприятием и подлежащие обязательной государственной или иной регистрации в соответствии с законодательными актами Республики Казахстан, считаются совершенными с момента регистрации, если иное не предусмотрено законодательными актами Республики Казахстан.

3. Предмет и цели деятельности Предприятия

12. Предметом деятельности Предприятия является реализация образовательных программ среднего профессионального, дополнительного профессионального образования, содержание которых регламентируется государственными общеобязательными стандартами образования по специальностям.

13. Целью деятельности Предприятия является:

1) подготовка квалифицированных специалистов, имеющих необходимые теоретические знания и практические навыки по конкретной специальности, конкурентоспособных на рынке труда;

2) постоянное совершенствование качества подготовки квалифицированных специалистов с учетом требования рынка труда и отраслей производства;

3) переобучение и переподготовка высвобождаемых работников и занятого населения;

4) повышение квалификации работающих специалистов, имеющих среднее профессиональное образование;

5) реализация углубленных профессиональных программ по индивидуальным учебным планам продленной подготовки;

